Негіздеме

«Балтаңдай» өнер фесивалі

«Балтаңдай» өнер фестивалі – жас таланттарды қолдауға, ұлттық және заманауи өнерді дамытуға, шығармашылық қабілетті шыңдауға бағытталған көпжанрлы мәдени жоба.

Іс-шараның мазмұны:

Облыстық «Балтаңдай» өнер фестивалі Түркістан қаласында 5 жанр бойынша (*вокал, хореография, терме, көркемсөз, сурет өнері*) ұйымдастырылады. Өскелең ұрпақты мәдениет пен сусындауы мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлтымыздың рухани құндылығы, сарқылмас қазынасы.

Іс-шараның мақсаты:

Халқымыздың асыл мұрасын келешек ұрпаққа жеткізу, өз елін, жерін қорғайтын елжандылық рухта тәрбиелеу, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке баулу, облыстағы таланттарды анықтау, республикалық, халықаралық байқауларға қатысуын қамтамасыз ету, оларға қолдау көрсету. Байқауға қазылық етуге елімізге белгілі өнер майталмандарын шақыру жоспарлануда.

Би өнері ғасырлар қойнауынан бастау алған, қазақ халқының тұрмыстық болмысын, өнер сүйгіштігін жан-жақты аша түсетін ұлттық сахна өнерінің бір түрі. Байқаудың мақсаты би әлеміндегі жаңа талант иелерін анықтау, олардың шығармашылығын кеңінен насихаттау;

Сурет өнері балалардың эстетикалық дамуына, көруді, кеңістікті ойлауды дамытып, образды елестету қабілетін арттырып, қоршаған өмір шындығын тануға көмектесу, ойлау мен сезу икемділігін дамыту;

Ән өнері жастарды отансүйгіштікке баулу, эстрадалық ән өнерін дамыту, жаңа эстрадалық әндерді халық арасында кеңінен насихаттап жас талант иелерін халықаралық, республикалық байқауларға қатысуға ықпал ету;

Дәстүрлі өнердің қаймағы саналатын қазақтың ән, жыр, термесі – халқымыздың мерей тұтып, мақтаныш етер асыл мұрасы. Бүгінде рухани жәдігерлердің ішінде замана сүзгісінен өтіп, халқымыздың ежелгі рухын, тарихын, жан дүниесінің сұлулығын, іңкәр ықыласын ұрпағымызға жеткізіп ұрпақтың еншісіне жеткен құндылықтарын дәріптеу;

Күтілетін нәтижелер:

Балалардың, өнер түрлерін қолдауға және насихаттауға бағытталған баспасөз-мәслихаттары, жиындар, кездесулер жастар мен жасөспірімдердің әлемді игерудің тарихи қалыптасқан көркем әдісіне тән ерекшеліктер мен

өзіндік сипатын ашады. Өнердің эстетикалық қызметі арқылы танымдық табиғаты мен тәрбиелік сипаты айқындалады.

«Облыстық мәдениет және
халық шығармашылығы орталығы»
МКҚК директоры **Алиакбаров. М**

Көркемдік жетекші **Жуманов. М**

Мемлекеттік сатып алу маманы **Өтжанов. Қ**